



№ 14 (1566)
21 сәуір
2015 жыл

www.kaznu.kz

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

Көптен күткен ұлы той



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ дәстүрлі Әз-Наурыз тойын биыл тағы да дүркіретіп өткізді.

Қаз-қатар тігілген ақшаңқан киіз үйлер, ұлттық тағамдармен жайылған дастархан мерекенің көркін қыздыра түсті. Аталмыш шараны тамашалауға келген көпшіліктің қарасы қалың. Еліміздің белді университеті ұлық мерекені ұлықтауды еш ұмыт қалдырған емес. Жыл сайын өтетін думанды кеш барша ұлт өкілдерінің ортақ қуанышына айналғаны рас.

Тамыры терең кенен тарихы бар егемен еліміздің белді оқу ордасы жасампаз мерекені ұлан-асыр той жасап қарсы алды. Мереке шымылдығын университетіміздің оркестрі ашты. Олар «Сарыарқа» және «Адай» күйлерін орындап, дүйім жұрттың қошеметіне бөленді.

Жиында сөз алған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов: «Бүгін еліміздегі ең үлкен дәстүрлі мейрам, Ұлыстың ұлы күні Әз-Наурызды атап өтіп отырмыз. Тарих қойнауынан бастау алған ұлық мерекені табиғаттың бізге берген үлкен сыйы деп білемін. Күн мен түн теңесіп, жарқын болашаққа қадам бастыратын көктем күндері де келіп жетті. Оның маңыздылығын ескере отырып, қазіргі таңда ЮНЕСКО әлемдік деңгейдегі мейрамдардың қатарына қосқаны – біз үшін үлкен мәртебе. Сондықтан да Наурыз мейрамын

болашақтың мейрамы деп қабылдауымыз керек. Биылғы жылдың ерекшелігі – Қазақ хандығының 550 жылдығы, сонымен қатар тәуелсіз еліміздің Конституциясы мен Елбасы құрған Қазақстан халқы ассамблеясына – 20 жыл, Ұлы Жеңіске – 70 жыл, әлемдегі екінші ұстаз атанған әл-Фараби бабамызға 1145 жыл толуымен барлықтарыңызды шын жүректен құттықтаймын. Сонымен қатар университетіміздің жыл сайынғы жетістігі де баршамызды қуантады. Айталық, еліміздегі жетекші оқу орны ретінде әлемдік деңгейдегі университеттер қатарына кіргенімізге биыл 2 жыл. Сонымен қатар технологиялық жабдықталуы жөнінен әлемдік рейтинг бойынша біздің университет 31-орынға табан тіреді. Қазақстанның Сыртқы істер министрлігімен қоса, Алматыдағы барлық шетелдік елшіліктермен биыл 5-рет Наурызды атап отырмыз. Бір кісідей жұмылып, кештің өтуіне атсалысып жатқан әріптестеріме де алғысымды білдіргім келеді. Наурыздан Наурызға жете берейік! Қош келдің, Әз-Наурыз!» деп игі тілек тіледі. Бостандық ауданының әкімі Торғаев Бекқали Нұрғалиұлы: «Ұлыс оң, ақ мол болсын! Бірлігіміз бен елдігіміз берік болсын!» – деген ақ ниетін білдірді.

Жалғасы 3, 8-беттерде

16 сәуірде Ө. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында Әбу Насыр әл-Фарабидің 1145 жылдығына, Қазақ хандығының 550 жылдығына, Қазақстан халқы ассамблеясының 20 жылдығына, Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған II халықаралық Фараби оқулары аясында студенттер мен жас ғалымдардың «Фараби әлемі» атты конференциясы өтті.

Жас ғалымдар сайысы

Түрік тайпасының дәулетті отбасынан шыққан, көкірегі ояу, көзі ашық, ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидің есімі әлемге мәшһүр. Аристотельден кейін дүниежүзі білімі мен мәдениетінің екінші ұстазы атанған данышпанның жан-жақтылығы мен ізденісі, тапқырлығы мен көрегенділігі қасиетті қазақ даласында әлі талай ғұлама ғалымдардың өмірге келерін айшықтап кеткендей.

Жалғасы 2-бетте

ҒЫЛЫММЕН КЕМЕЛ КЕЛЕШЕККЕ

Білім беру жүйесіндегі істің жағдайын түбегейлі өзгертуді қолға алған Елбасымыздың бастамасы Қазақстан халқына үлкен серпіліс әкелуде. Кейінгі оншақты жылда ел экономикасын индустриялық-инновациялық негізде жедел дамыту қажеттігі туды. Ең басты мақсатымыз – шикізатқа негізделген экономикадан біртіндеп арылу, өңдеуші салалардың жедел дамуын қамтамасыз ету, өндірісті заманауи жаңа технологиялармен жасақтау, дамудың негізгі көзі ретінде инновацияның тәсіл-құралдарын, ғылым жаңалықтарын мольнан пайдалану, еліміздегі адами капиталдың сапасын баянды түрде арттыру, міне, осындай шешуші проблемалар бүгін де күн тәртібінде тұр.

Білім беру жүйесіндегі істің жағдайын түбегейлі өзгертуді қолға алған Елбасымыздың бастамасы Қазақстан халқына үлкен серпіліс әкелуде. Кейінгі оншақты жылда ел экономикасын индустриялық-инновациялық негізде жедел дамыту қажеттігі туды. Ең басты мақсатымыз – шикізатқа негізделген экономикадан біртіндеп арылу, өңдеуші салалардың жедел дамуын қамтамасыз ету, өндірісті заманауи жаңа технологиялармен жасақтау, дамудың негізгі көзі ретінде инновацияның тәсіл-құралдарын, ғылым жаңалықтарын мольнан пайдалану, еліміздегі адами капиталдың сапасын баянды түрде арттыру, міне, осындай шешуші проблемалар бүгін де күн тәртібінде тұр.

Елбасының алдыға қойған міндеттерін орындауға еліміздің жетекші жоғары оқу орны ретінде ҚазҰУ да қосылып, классикалық университет үлгісінен әлемдік деңгейдегі заманауи зерттеу университетіне айналу бойынша жаңа ауқымды бағдарламаны жүзеге асыруға кірісіп те кетті.

Университет еліміздің күшейтілген индустриялық-инновациялық дамуының Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруда белсенді жұмыс жасауда. Ректорымыздың бастамасымен инновациялық әлеуетті арттыру үшін ҚазҰУ-да жалпы құны 500 млн. АҚШ долларын құрайтын инновациялық және медико-биологиялық кластерлер құрылысы жоспарланды.

Жалғасы 5-бетте

БҮГІНГІ САНДА:

БҮГІНГІ САНДА:

БҮГІНГІ САНДА:

ПОСОЛ США В КАЗНУ



2-стр.

ЖАҢА МАЗМҮНМЕН ЖАРЫҚ КӨРДІ



3-бет

АЛҒАШҚЫ БАСПАЛДАҚ



7-бет

Посол США в КазНУ



Посол Соединенных Штатов Америки в Казахстане Джордж А. Крол выступил с лекцией перед студентами и преподавателями КазНУ. Темой встречи стало развитие двусторонних отношений и академического сотрудничества между Казахстаном и США.

Гость в своей лекции рассказал об истории сотрудничества США и Казахстана, а также дипломатической миссии США в Казахстане. «За последние двадцать лет наши страны выстроили хорошие отношения, которые

основываются на взаимном уважении и понимании. Казахстан и США имеют общие стратегические цели, такие, как устойчивое развитие, мир и безопасность в регионе, экономическое процветание и нераспространение ядерного оружия», —

сказал Джордж Крол.

Дипломат также отметил важность сотрудничества в академической сфере. По его словам партнерство двух стран в научно-образовательной деятельности с каждым годом активно развивается и выходит на более качественный уровень: «США и Казахстан имеют множество программ по обмену студентами. Образование для молодого поколения особенно важно, так как в будущем это даст общий позитивный эффект для отношений», — отметил посол США.

В ходе встречи студенты и преподаватели университета имели возможность получить ответы на интересующие их вопросы. Ректор КазНУ Г. Мутанов выразил благодарность Джорджу Кролу за выступление и выразил убеждение в том, что академическое партнерство и в будущем будет успешно и плодотворно развиваться на благо двух государств.

В завершении встречи руководитель вуза и Посол США обменялись памятными сувенирами. Джордж Крол также получил приглашение стать членом клуба «Друзья КазНУ», в который входят нобелевские лауреаты, известные ученые, общественные и государственные деятели.

Рустем АБРАЕВ

РЕКТОРАТ

II ФАРАБИ ОҚУЛАРЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

20 сәуірде өткен ректорат отырысында күн тәртібіндегі басты тақырып – II Фараби оқуларының қорытындысы болды. Биылғы Фараби оқуларының ерекшеліктері мен жетістіктері жайлы Ғылым және инновациялық қызмет жөніндегі департамент директоры Тілек Айтмұханұлы Кетегенов баяндады.

Университетте өткен жылы Фараби оқуларының бастауы ғылыми фестиваль шеңберінде екі апта бойы отандық және шетелдік ғалымдардың қатысуымен ғылыми конференциялар, сессиялар, дөңгелек үстелдер мен пікірсайыс отырыстары негізінде жүзеге асқан болатын. Биыл да осы дәстүр жалғасын тапты. II Фараби оқулары Әбу Насыр әл-Фарабидің 1145 жылдығына, Қазақ хандығының 550 жылдығына, Қазақстан халқы ассамблеясының 20 жылдығына, Ұлы Женістің 70 жылдығына арналды. Маңызды шара 7-8 сәуірде «Әл-Фараби және қазіргі заман» форумымен басталып, факультеттерде 17 сәуірге дейін жалғасын тапты. II Фараби оқуларының қорытынды жиынында ректор Ғалым Мұтанұлы: «Әл-Фараби ілімін зерттеу арқылы біз ғылым, білім мен қоғам дамуының заманауи мәселелерін қарастыруға тырыстық. Факультеттер Фараби оқулары аясында секциялар, форумдар мен конференциялар ұйымдастыру бойынша ауқымды жұмыстар атқарды. Оларға әлемнің түрлі елдерінен ғалымдар, профессорлар мен студенттер қатысты», — дей келе, нақты нәтиже алу мақсатында өткізілген шараларды қорытындылаудың маңыздылығын атап өткен болатын. Ректорат мәжілісінде Тілек Айтмұханбетұлы да ұлы мұраларының бүгінге дейін өзектілігін жоймағанын баса айта келе, орын алған шаралар мен қол жеткен жетістіктерге кенінен тоқталды.

Сондай-ақ мәжілісте ғылыми-зерттеу институттарының 2014 жылғы қызметі қаралып, Физика-химиялық зерттеулер және талдау орталығының директоры Михаил Касымұлы Наурызбаевтың және Жаңа химиялық технологиялар мен материалдар ҒЗИ директоры Сергей Николаевич Калугиннің есептері тыңдалды. Сонымен қатар өзге де өзекті мәселелер көтеріліп, оқытушы-профессорлар өз пікірлерін ортаға салды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗДЕН

Добры дзень, КазНУ!

КазНУ и Гродненский государственный университет им. Янки Купалы (Белоруссия) подписали договор о сотрудничестве. Соглашение было заключено в рамках II Международных Фарабиевских чтений.

Ректор белорусского университета А.Король выразил уверенность в том, что сотрудничество между вузами будет продуктивным и отметил важность изучения трудов Аль-Фараби. «Наследие великого мыслителя и ученого Аль-Фараби имеет безусловный, значимый интерес и является достоянием всего человечества. Я рад посетить университет, который носит имя знаменитого

философа и, надеюсь, что зародившиеся отношения между нашими вузами будут эффективными», — подчеркнул Андрей Король.

В завершении встречи стороны приняли решения работать в направлении расширения сотрудничества и организации совместных научных проектов.

Соб. корр.

Жалғасы. Басы 1-бетте

Жас ғалымдар сайысы



Өйткені, заман көші ілгерілеп, ақпарат ағымы дамыған сайын заманауи техниканы жетік ментеріп, көшке ілескен жас ғалымдар мен студенттердің күннен күнге жаңалық ашуға деген ізденістері көз қуантады.

Шығармашылық қабілеттің шарықтап,

зияткерлік әлеуетін арттыратын, ғылыми мәселелерді шешуге деген қызығушылықтарын оятып, материалдық қолдау көрсететін конференцияның басты мақсаты да осы.

Кеш шымылдығын ашқан оқу ісі жөніндегі проректор Дархан Ахмед-Заки де осы мәселені

ҚАЗҰУ-ДА «SAMSUNG» ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛАДЫ

«Samsung Electronics» компаниясы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да өз орталығын ашады. ҚазҰУ ректоры, академик Ғ. Мутанов және «Samsung Electronics Central Eurasia LLP» президенті Юнсу Ким еліміздегі жетекші оқу орны базасында орталық ашу жөніндегі меморандумға қол қойды.



Университетте ашылатын орталық құрамында екі зертхана болады. Студенттер мен

жас жағымдар «Smart class» зертханасында бағдарламалық қамтамасыз ету жұмыстарын жасап, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бойынша біріккен қолданбалы зерттеулер жүргізеді және сандық шешімдер, бірлескен инновациялық жобаларды іске асырады. Сонымен қатар орталық сервистік қызмет көрсетуді үйретуге арналған компания өнімдерімен, мобильді телефон, планшет, ноутбук, фотокамера, сандық теледидар, принтер кондиционерлік жүйемен және т.б. заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталады.

«Бұл жоба ғылым мен білімнің бірігуінің, кәсіпкерліктің әлеуметтік жауапкершілігі және білім беру ісіне шынайы инвестиция құюдың жарқын көрінісі. Қазақстандық бизнестің қажеттілігіне бағытталған инновациялық өнім алу бұл негізі қаланған білімді, тәжірибелі, қабілетті талап ететін қиын жұмыс. «Samsung» компаниясының ғылыми зертханаларын құру, барлық циклмен жасау және оны енгізу студенттік стартаптарға ынталандыру болады. Одан өзге, озық тәжірибемен және академиялық ортада технологиямен бөлісу біздің мамандардың бәсекеге қабілеттілігінің артуына әсер етеді», — деді Ғалым Мұтанов.

«Samsung Electronics Central Eurasia» президенті Юнсу Ким өз сөзінде компания білім беру және ғылым саласында жастарды қолдайтын әлеуметтік жобаларды іске асыратындығын айтты. «Жоба аясында ҚазҰУ студенттері тек теориялық білім алып қана қоймай, өндірістік тәжірибеден компанияның ең үздік сервистік орталықтарында өтуге мүмкіндік алады. Біздің жобаға қатысу жастарға ертен еңбек нарығында үлкен көмек береді деп сенеміз», — деді Юнсу Ким мырза.

«Samsung» инновациялық сервистік академиясы» жобасы университеттің әлемдік танымал компаниялармен әріптестік бағдарламасының жалғасы болып келеді. Бүгінде ҚазҰУ-да «Hewlett-Packard», «Cisco», «Konika minolta», «Microsoft», «Intel» және т.б. ірі компаниялар өз орталықтары мен зертханаларын ашқан.

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

Қазақстандағы АҚШ елшісі Джорд А.Крол ҚазҰУ студенттеріне дәріс оқыды

Жұлдыз ӘБІЛ

Жалғасы. Басы 1-бетте

Көптен күткен ұлы той



Ұлыстың ұлы күні келгенде, ағаштан – бал, шөптен – сүт тамсын! – деп әр сөзін діттеген нысанына дәл көздейтін ҚазҰУ қалашығының тұрғындары мен студенттері қазақы салт-дәстүрдің барлығын сақтап, ағаш отырғызуды да ұмытпады. ҚазҰУ қалашығында Алматы қаласы әкімдігі, ҚазҰУ басшылығы, дипломатиялық корпус өкілдері қолдарына күрек алып, ағаш отырғызу рәсіміне жұмыла қатысты. Халықаралық

ұйым өкілдері және АҚШ, Венгрия, Ресей Федерациясы, ҚХР, Ауғанстан, Моңғолия елдерінің бас консулдары мен мәдени орталықтардың өкілдері қатысып, жаңа баққа «Достық аллеясы» атауы берілді. Жасыл бақ ҚазҰУ-дың Ғылыми кітапханасы мен Спорт кешенінің аралығына отырғызылды.

Халқымыздың ежелден желісі үзілмей жеткен көне салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпынан көріністер қойылып,

кішкентай Ғалымқайыр есімді сәбидің тұсауын ректор өзі кесті. Сақтың салты, ғұнның ғұрпы, қазақтың ырым-тыйымдары бойынша ешкімнің ала жібін аттамасын, ғалым болсын деген ақ тілектер айтылды. Сонымен қатар мереке қарсаңында ұйымдастырылған «Тазалық апталығы» байқауының жеңімпаздары марапатталды.

Сондай-ақ кәріс, ауған, түрік сынды этно-мәдени орталықтары ұйымдастырған көрме де мерекеге

екенімізді тағы да бір дәлелдей түстік деуге болады.

Домбыра шанағынан күй төгіліп, қыздар мың бұрала би билесе, салсерілік қырынан танылған жігіттер қауымы әуелетіп әуезді ән шырқады, қол күрестіріп, білек күштерін сынасты.

Көк қылаулап, бәйшешек бұр жаратын жанару күнінде бір-бірімізге тек игілік тілеп, алдағы атар күнімізден тек жақсылық күтейік.



өзіндік көрік сыйлады. Өзге ұлт өкілдерінің алтыбақан теуіп, ұлттық сусыннан дәм татып жатқандарын көргенде, көп ұлтты, пейілі кең, көңілі дархан еліміз жиған-тергенін тек тойға беретін текті халықтың ұрпағы

Бақуатты еліміздің бірлігі мен тірлігін көрсете білген ҚазҰУ, міне, осындай ұлан-асыр той жасады. Құт-береке мейрамы болған Әз-Наурыз жасасын! ҚазҰУ жасасын!

Жұлдыз ӘБІЛ

ЖАҢА МАЗМҰНМЕН ЖАРЫҚ КӨРДІ

Жуырда ҚазҰУ-дың «Қазақ фольклористикасы» оқу-зерттеу лабораториясы «Қазақ халық әдебиеті» 2 томдық хрестоматиясын қайта өңдеп, толықтырылған екінші басылымын «Қазақ университеті» баспасынан басып шығарды. Кітапты құрастырып, алғы сөзін профессор С. Садырбайұлы жазған болса, жалпы редакциясын басқарған профессор Қ. Әбдезұлы.



Қазақ халқының фольклорлық шығармаларының негізінде құрастырылған бұл кітап екі бөлімнен тұрады: халық шығармашылығының өзіндік ерекшеліктері мен теориясы; фольклорлық жанрлардың ең тандаулы үлгілері: айтыс, батырлар жыры, тарихи жырлары енгізілді.

Жоғары оқу орындарының филология және журналистика факультеттерінің студенттеріне арналған «Қазақ халық әдебиеті» атты оқулық-хрестоматиясының бірінші басылымы фольклористер Мәлік Ғабдуллин мен Сұлтанғали Садырбаевтың авторлығымен 1980 жылы жарияланған. Ол «Қазақ халқының

ауыз әдебиеті бағдарламасы» негізінде құрастырылып, 1977 жылы «Мектеп» баспасынан жарыққа шыққан еді. Аталған оқулық-хрестоматияға көркемдік кестесі әдемі, идеялық мазмұны жоғары қазақ фольклорының тандаулы үлгілері енгізіліп, сирек қолжазбалар мен мұрағат қазыналары пайдаланылған болатын.

Жоғары оқу орындарының студенттері мен сөз қадірлеуші оқырман үшін аса құнды бұл оқулық-хрестоматияның толықтырылған екінші басылымы факультет деканы Өмірхан Әбдиманұлының қолдауымен «Қазақ университеті» баспасынан жарыққа шыққанын ерекше атап айтқымыз келеді.

Ардақ КАКИМОВА,
«Қазақ фольклористикасы»
оқу-зерттеу лабораториясының
жетекшісі маманы

Сатираның саңлағы атанған Темірбек Қожакеев – ұлы тұлға. Журналистика саласында өлмес, өшпес мұра қалдырған, өзіндік қолтаңбасы бар ғалым-ұстазды ұлықтау, оның асыл қасиеттерін айтып дәріптеу мақсатында 13 сәуір күні Т. Қожакеев атындағы мәжіліс залында «Жас тілшілер» атты III Қожакеев оқулары өтті. Форумға ҚазмемқызПУ-дың тарих кафедрасының меңгерушісі, профессор Ләззат Темірбекқызы Қожакеева, немересі Диас Қожакеев, Журналистика академиясының академигі Бауыржан Жақып, ф.ғ.д., доцент Дәмегүл Баялиева, «Айқын» республикалық газеті Бас редакторының орынбасары, сатирик Ермахан Шайхыұлы қатысты.

III Қожакеев оқулары өтті

Кештің шымылдығын ашқан факультет деканы Сағатбек Медеубекұлы: «Осы факультеттің іргесінің тіктелуіне, шаңырағының биіктелуіне, керегесінің керілуіне бүкіл саналы ғұмырын арнаған әйгілі ұстаз, қарымды қаламгер, қайраткер тұлға – Темірбек Қожакеев», – деп сөз бастап, ғалым шығармашылығына тоқталып өтті. Ол – қазақ әдебиеті мен баспасөзінің тарихы, теориясы жөніндегі 400-ден астам мақала мен көркем публицистикалық очерк, фельетондардың авторы атанып қана қоймай, өмірінің соңына дейін факультетке жыл сайын ағылып келген болашақ журналистерден тек жазуды талап еткен жан. Темірдей қатал тәртібімен Темірбек Қожакеев атанды, сонысымен көпке үлгі бола білді. Оның тағылымын алған ұстаз Бауыржан Жақып: «Қожакеев темірдей тәртіптің адамы болды. Қазіргі таңда газет-журналдардың бас редакторлары мен телерадио корпорацияларын басқарушылар, мемлекеттік қызметтерде

жүрген азаматтар, айталық, Мұхтар Құл-Мұхаммед сынды көптеген елімізге белгілі тұлғалар – осы Темірбек Қожакеевтің шәкірттері. Темкеннің асыл бейнесін, ұстаздық шеберлігін, ғалымдық ғибратын, оның жазған дүниелерін ешқашан ұмытпаймыз. Келесі жылы 90 жылдық мерейтойын өткізу жоспарлануда. Өнегелі өмір сериясымен Темірбек Қожакеевке арналған кітапты шығаруды қазірден бастап та кеттік», – деп ағынан жарылса, профессор Какен Хамзин: «Журналистика факультетінде сабақ беру үшін Темкеннің дәрежесінде болу керек деп ойлаймын. Темкен әрі басшы, басқарушы, әрі бізге тәрбие беруші ұстаз болды. Журналистиканың болашағы мен мүмкіншілігін жақсы түсінген ғалым. Сонымен қатар оның жазғандары әлі күнге дейін мәнін жоғалтпаған құнды мұра екеніне көз жеткізе аласыздар», – деді. Кеш соңында шара аясында ұйымдастырылған байқау жеңімпаздары марапатталды.

Жұлдыз ӘБІЛ

В КазНУ с грандиозным размахом отметили праздник «Қош келдің, өз-Наурыз!»

Сейілбек Шаяхметұлы МҰСАТАЕВ,
саясаттану кафедрасының профессоры,
саяси ғылымдарының докторы:



Егемен Қазақ елін «Мәңгілік елге» айналдырамыз десек, ең алдымен ұлттық мүдделерімізді қорғай білуіміз қажет

— Адамзат тарихында саясаттану ғылымы негізгі рөл атқарады. Осы ғылым саласына деген студент жастардың қызығушылығы қандай?

— Саясатсыз адамзаттың, қоғам мен мемлекеттің өмірін көзге елестету мүмкін емес. Саясат — адами тыныс-тіршіліктің барлық саласын басқару, ұйымдастыру, бағыттау, реттеу, бақылау сияқты аса маңызды қызметтердің барлығын кешенді жүзеге асыратын ерекше сала. Соғыстың да, бейбітшіліктің де бастауы саясат, даму да, дағдарыс та саясатқа байланысты. Оның араласпайтын саласы, жүрмейтін жері жоқ. Аристотель «Адам — саяси жануар» деп, саясатты мемлекет басқару өнеріне тенеген. Бүгінгі саясат — ертеңгі тарих, сол үшін саясатқа артылар жауапкершіліктің жүгі аса ауыр. Ал, саясаттану болса, саяси өмірді зерттейтін, саясаттың қыр-сырын зерделеп, саяси процестерді талдайтын қоғамдық ғылым. Саясаттану ғылымы — қызық пен қиындыққа толы, өзіндік романтикасы мен тәуекелдері бар, өзектілігі, қажеттілігі мен маңыздылығы ешқашан төмендемейтін, әмбебап сипаты мол ерекше ғылым.

Саясаттанудың әлеуетін дұрыс пайдаланып, мектептің жоғары сыныптарынан бастап, арнаулы және жоғары оқу орындарында жаппай міндетті түрде оқыту арқылы демократиялық саяси сана мен мәдениетті қалыптастыруға, азаматтарды саяси қатысуға жан-жақты дайындауға болады.

Саясаттанушы маман болу үшін кең ой-өріс, терең білім, икемділік, әмбебаптылық, тез тіл табыса білу, жоғары деңгейлі рухани-адамгершілік сапалар қажет. Өздеріңіз де соңғы кездері байқап жүрген боларсыздар, қазір саясатқа баға бергіш «сәуегей саясаттанушылар» көбейіп кетті. «Саясаттанушымын» деу сөнге айналып барады. Саясаттанушы — тек саяси талдамашы ғана емес, саясаттанушы — қоғамның «ауруларына» дұрыс диагноз қойып, «қоғамдық дерттен» қалай айығу жолдарын көрсететін «қоғамның емшісі» сияқты.

— «Егер сен саясатпен айналыспасаң, саясат сенімен айналысады» деген қағида бар. Әлемдік саяси аренадағы қазіргі жағдайға шолу жасасаңыз

— Қазіргі алмағайып заманда мемлекет дамуына қатысты болжам жасау қиын мәселеге айналып отыр. 2007 жылы АҚШ-тан бастау алған қаржы дағдарысы Еуропаны шарпып, ұлғая келе, әлемдік экономиканы есеңгіретті. Бүкіл дүниежүзін дендеген дағдарыстың ауыр болғаны соншалық, оның зардаптарын еңсеру адамзат үшін әлі күнге дейін мүмкін болмай отыр. «Домино эффектісі» туындап, экономиканың барлық салалары құлдырады. Әлемдік нарықта саудаланатын мұнай, темір, көмір т.б. шикізат тауарларына сұраныс күрт азайды.

Бұған қоса, әлемнің түрлі аймақтарында жанжал ошақтары белең алды. «Араб көктемі» бір мезгілде бірнеше араб елін шарпып, нәтижесінде халық толқуынан төрт елдің билігі құлады: Тунис президенті 2011 жылғы 14 қаңтарда Зин әл-Абидин Бен Али бас сауғалап Сауд Аравиясына қашты. Египетте 2011 жылғы қаңтардың ортасынан бастап 18 күнге созылған халықтың қарсылық акцияларынан соң 2011 жылғы 11 ақпанда 30 жыл ел президенті болған Хосни Мубарак отставкаға кетті. Ливияны 40 жылдан астам билеген харизмалы лидер Муаммар Каддафи 2011 жылы 23 тамызда билігінен айырылып, сол жылы 20 қазанда өзі дүниеге келген Сирт қаласында Ұлттық өтпелі кеңестің сарбаздары қолынан қаза тапты. Йемен президенті Али Абдалла Салех 2012 жылы 27 ақпанда өзінің билігінен айырылды. Сонымен қатар, Оман, Марокко, Иордания, Судан, Мавритания, Джибути, Ливан, Батыс Сахара, Кувейт, Сауд Аравиясында билікке қатты қарсылық көрсеткен халық толқулары болды. Иордания, Кувейт, Сауд Аравиясы сияқты кейбір экономикасы күшті, бай араб елдері халыққа қаржылай көмек беру, қомақты өтемақылар төлеу арқылы бұқара араб наразылығының бетін қайтарды. «Араб көктемін» зардаптары әлі күнге дейін жойылған жоқ, араб елдері дағдарыс пен азамат соғысы жағдайын бастан өткеруде. Посткеңестік кеңістікте «түрлі түсті төңкерістер» толас таппады. 2008 жыл — Арменияда түрлі-түсті төңкеріс жасауға талпыныс жасалды, 2009 жыл — Молдавияда түрлі-түсті төңкеріс, 2010 жыл — Қырғызстанда екінші төңкеріс — Қауын революциясы — (Халық төңкерісі). 2014 жыл — Евромайдан — Украинада туындаған жаңа төңкеріс Еуроодақ пен Кеден Одағының қайсына қосыламыз деген саяси даудан туындады. Ресей Қырымды аннексиялап алды деген батыс елдері экономикалық шектеу санкцияларын қолдануға көшті. Мұның ақыры Батыс пен Ресей арасындағы экономикалық соғысқа ұласты. Бұған қоса, әлемнің түпкір-түпкірінде террорлық актілер, жұқпалы ауру індеттері, ұлтаралық және дінаралық жанжалдар да көбейіп кетті. Мұның барлығы қалыптасқан ғаламдық шаруа-экономикалық байланыстардың үзілуіне, экономика заңдылықтарының бұзылуына апарып соқты. Осылайша, ғаламдану жолымен дамып келе жатқан әлемдік экономика тығырыққа тіреліп, дағдарысқа ұрынды. Жығылғанға жұдырықтай болып, әлемдік нарықтағы шикізат тауарларының бағасы да күрт құлдырап кетті. 2014 жылдың басында мұнайдың 1 баррелі 110 АҚШ долларының о жақ, бұ жағында болса, 2015 жылдың аясында «қара алтын» бағасы барреліне 45-48 АҚШ долларына дейін төмендеді. Қазақстан экономикасы негізінен табиғи байлықтарды шетелдерге сатуға бейімделуінің кесірінен ұлттық экономикамыз қиындықтарға душар болып отыр. 2014 жылдың аяғында үш жылдық мемлекеттік бюджетіміз қайта

қаралып, мұнайдың 1 баррелі 80 АҚШ долларына тең болатын есеппен бекітілген болатын. Өкінішке орай, мұнай бағасы Қазақстан билігі есептеген межеден де төмендеп кетуіне байланысты, Елбасымыз бюджетті қайта қарауға тапсырма берді. Үкіметіміз енді мұнайдың жылдық орташа бағасы барреліне 50 АҚШ доллары болар деген үмітпен бюджетті қайта есептеуде. Президентіміз Н.Ә. Назарбаев Қазақстан экономикасы үнемдеу жағдайына өтетінін мәлімдеп, ірі құрылыстарды, инвестициялардың шығындық бөліктерін дағдарыстан шыққанша тоқтата тұру қажет деген шешім қабылдады. Мемлекеттік бюджетіміздің шығын бөлігі 10 % қысқарты, бұл 700 млрд. теңге. Тек қана «Нұрлы жол» бағдарламасы ауқымындағы инфрақұрылымдық жобалар ешбір тоқтаусыз жүзеге асырылмақшы. Өйткені, оның экономикалық мультипликативтік әсері күшті екені даусыз. Сонымен қатар, әлеуметтік бағдарламалар жалғасын табатын болды. Елбасымыз еңбек адамдары таршылық көрмеуін, жұмыс орындары қысқармауын қатаң ескертті. Міне, көріп отырғанымыздай, әлемдік экономиканың да, оған тығыз байланысқан ұлттық экономикамыздың да хал-ахуалы қиын кезенді бастан өткеріп отыр. Қазіргі басты міндет — қоғамдық тұрақтылықты сақтай отырып, орын алып отырған дағдарысты еңсеру. Мемлекет құраушы қазақ ұлты мен Ұлт көшбасшысы мейірбан, бейбіт ниетімен көп құрамды ел халқын бірлікке бастап, ынтымаққа шақырып, ұйыстырып отыр. Сонымен қатар, Қазақстан ғаламдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге барынша ұлес қосып келеді. Семей атом полигонын жабу, өз еркімен ядролық қарудан бас тарту, ұлтаралық татулықты сақтау, ЕҚЫҰ төрғалық ету, интеграцияны тереңдету, әлемдік қауымдастықпен серіктестік орнату, Украинадағы жанжалды бейбіт жолмен шешуге ұмтылу сияқты көптеген жауапты міндеттердің басы-қасында Елбасымыз жүргені, Мәңгілік ел — Қазақ елі тұрғаны бәрімізді қуантады.

— Осы тұста ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі туралы не айтасыз?

— Әлемдік қауымдастықтың тең құқықты мүшесі болғандықтан, әлемде болып жатқан түрлі саяси жағдайлар Қазақстанға ықпал етпей қоймасы анық. Ал әлемдік саясат қазіргі кезде қарама-қайшылықты жағдайларға, өте қарқынды процестерге толы. Заман аумалы-төпелі болып тұр.

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі өзінің өзектілігі мен өмірлік маңызын ешқашан жоғалтпайды. Атам қазақ «Жау қайда деме, жар астында, қатер қайда деме, аяқ асында, бөрі қайда деме, бөрік астында» деп тегін айтпаған. Қазақстан геосаяси жағынан күрделі аймақта орын тепкен: шығыс пен батыс, Еуропа мен Азия түйіскен тұста, Қытай мен Ресей, Орталық Азия елдері ортасында жатыр. Қазақ елінің жер көлемі

әлемде тоғызыншы орын, шекарасының ұзындағы 12 мың шақырымнан астам бола тұра, халқының саны жағынан дүние жүзі бойынша 63 орын алады, небәрі 17,5 миллион адам. Салыстырар болсақ, Токио, Мехико, Пекин, Шанхай, Дели, Карачи сияқты ірі қалалардың тұрғындары 20 миллионнан кем емес.

Шығыстағы көршіміз Қытайдың жан саны 1,5 миллиардқа тақау, яғни, бізден тоқсан есе артық болса, солтүстіктегі Ресейде 150 миллионға жуық адам мекендейді, бізден 9 есе көп. Олардың армиясы да күшті, ғаламдық деңгейдегі армиялар мен қару-жарақтардың күш-қуатын салыстыра отырып, рейтинг жасайтын «Global fire power» атты ұйымның мәліметі бойынша, АҚШ армиясынан кейінгі екінші және үшінші орынды Ресей мен Қытай иеленіп отыр. Соған қарамастан, бұл екі елдің ішінде сепаратистік көзқарастағы күштер, экстремистер мен террористер белсенді әрекет етуде. Каспий маңы елдері де ортаң теңіздің құқықтық мәртебесі мен теңіз шекарасын анықтауда тіл табыса алмай келеді. Ал, көршілес жатқан Орталық Азия елдерінің экономикалық даму қарқынының баяу болуы, әлеуметтік жағдайдың тығырыққа тірелуі, оларға шекаралас Ауғанстанда ұзаққа созылған соғыстар мен тұрақсыздық орын алуы бүкіл аймаққа қауіп төндіріп тұр. Ауған жері экстремизм мен терроризмнің, қару-жарақ пен наркотрафиктің ордасына айналды. Бұдан басқа да қауіп-қатерлер жетерлік: трансшекаралық өзендер проблемасы, экологиялық апат аймақтары, еңбек мигранттарының зансыз көші-қоны, экстремизмнің таралуы тағы бар. Бұл аздай, әлемдік экономика дағдарыстан титықтап шыға алмай жатқанда, Еуразиялық одақтасуымыз Ресейдің Украинадағы саяси жанжалға арақашықтықтан ықпал етуіне наразылық білдірген Батыс елдерінің экономикалық санкциялары жығылғанға жұдырықтай болып тиюде. Көріп отырғанымыздай, төрт құбыламыз да қауіп-қатерге толы. Қазіргі алмағайып заманда дос та, одақтас та жоқ, тек қана ұлттық мүддеге сай келетін стратегия, тактика, алыстан орағытып келіп, өз пайдасын ойлайтын саяси есеп қана бар. Кезінде У.Черчилль «Британияның тұрақты жаулары мен тұрақты достары жоқ, тек тұрақты мүдделері бар» дегендей, біз де өзіміздің ұлттық мүдделерімізді үнемі жоғары қоя біліп, қайтсек те есемізді жібермеуді ойлауымыз қажет.

Егер біз тәуелсіздігімізді нығайтып, егемен Қазақ елін «Мәңгілік елге» айналдырамыз десек, ең алдымен ұлттық мүдделерімізді қорғай білуіміз қажет. Ол үшін әрбір қазактың бойында ұлттық мүддемізге нұқсан келтіруші кез келген қастық әрекетке төзбеушілік танытатын жігерлі өр мінез, намысқа толы ұлттық рух қажет.

Сұхбаттасқан
Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

ҰСТАЗДЫҚ ЕТКЕН ЖАЛЫҚПАС...

Механика-математика факультетінің алғаш шаңырақ көтергеніне куә болған, университет босағасының беки түсуіне жарты ғасырдан астам уақыт бойы еңбек еткен табанды тұлға – Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі, педагогика ғылымдарының докторы, математика профессоры Жүсіп Сүлейменұлы бүгінде 75 жасқа толып отыр.

Он тоғыз жасында имене аттаған табалдырықтан ғұмырлық білім нәрімен сусындап, еліміздің егемендігі үшін ерен еңбек сіңірген Асқар Зақарин, Хасен Ибрашев, Константин Петрович Персидский, Дәулет Үмбетжанов, В.Х. Харасахал сияқты тарландардан тәлім алып, дифференциалдық тендеулер кафедрасында табан аудармай жарты ғасырға жуық уақыт тер төгіп келе жатыр. Әсіресе, 1940 жылы КСРО Жоғары оқу орындары бойынша Одақтық комитеттің Қазақ мемлекеттік университетіне математикадан мамандар дайындау ісіне көмек көрсету туралы ұсынысын қабылдап, сол арқылы бүкіл қалған өмірін Қазақстандағы математикалық ғылым мен білімді ұйымдастыру ісіне арнаған Константин Петровичтің үзіліп қалған үнін жалғастырып келе жатқандығының өзі бір ганибет!

Оның «Дифференциалдық тендеулер», «Интегралдық тендеулер», «Функциялық талдау» атты негізгі пәндермен қатар, дайындау мамандығына тікелей қатысты «Орнықтылық теориясы», «Сипаттаушы көрсеткіштер теориясы», «Дифференциалдық тендеулердің сапалық теориясы», «Периодты және периодты дерлік шешімдер және олардың орнықтылығы», «Сызықтық дифференциалдық жүйелердің алгебралық теориясы» сияқты арнаулы дәрістерінен сусындаған көптеген студенттер мен жас ғалымдардың ғылыми жұмыстарының республикалық байқаулардың жеңімпаздары болып, диплом алуы, бірнеше жылдар бойы республикалық теледидардан сырттай оқушылардың дәріс тындауы –

ұстаздық жолының жарқын, қаламының қарымды екендігін көрсетеді. Ұзақ уақыттан бері дәріс оқу тәжірибесі дифференциалдық тендеулер курсынан қазақ тілінде алғашқы оқулықтар мен оқу құралдарының тууына бірден-бір себеп болған да осы кісі. Ал «Дифференциалдық тендеулер курсы» (1991 ж., 360 б.), «Дифференциалдық тендеулер 2» (1996 ж., 256 б.) атты оқулықтары студенттердің қолдан түсірмейтін кітаптарына айналды деуге болады. Бірегей туынды болып саналатын оқулықтар мен оқу құралдарында бұрын-соңды қолданылмаған тиімді әдістер ұсынылғаны да ұстаздың терең ізденісінің көрінісі іспеттес.

Оның отбасы мүшелері де – ғылым мен білім саңлақтары! Атап айтқанда, жұбайы Үміт Баялықызы мен үлкен ұлы Серік факультетіміздің, кіші ұлы Ерлан К. Сәтбаев атындағы Ұлттық политехникалық университеттің, ал қызы Лира М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің механика-математика факультетінің үздік дипломды түлектері болса, немересі Айша Кембридж университетінің магистратурасын бітіріп, Англияда Rolls-Royce компаниясында қызмет етуде.

Мерейлі мереке иесі – құрметті Жүсіп Сүлейменұлын факультет ұжымы атынан шын жүректен құттықтаймыз! Зор денсаулық, отбасыңызға амандық, еңбегіңізге табыс тілейміз!

Механика-математика факультетінің ұжымы

В честь ученого

На факультете химии и химической технологии КазНУ прошел День памяти, посвященный открытию аудитории имени профессора, доктора химических наук, выдающего ученого органика, одного из авторов препарата «Рихлокаин», действительного члена Петровской академии наук и искусств Шолпан Ахмедовой.



«Фармацевтический бюллетень РК», членом Высшего научно-технического Совета при Министерстве образования и науки РК.

Научное направление исследований Ш.С.Ахмедовой было связано с поиском физиологически активных веществ в ряду азотистых гетероциклов, изучением стереохимических и конформационных закономерностей в ряду производных пиперидина. Ею разработаны методы синтеза и технология производства оригинального препарата Рихлокаин, который является наименее токсичным препаратом в сравнении с известными лекарственными средствами и не вызывает аллергические реакции.

Под ее руководством защищены 1 докторская и 10 кандидатских диссертаций. В общей сложности, Ш.С.Ахмедовой опубликовано более 240 работ, 44 авторских свидетельств, предпатентов и патентов РК и РФ.

Для Шолпан Серикбаевны была характерна четкая внутренняя организованность и ответственность в сочетании с педагогическими способностями, высокой эрудицией и аналитическим кругозором в фундаментальных исследованиях. Все это позволяет отнести Ахмедову к широкому кругу ученых, заслуживающих светлую память и уважение научного общества и коллектива КазНУ.

В настоящее время учениками Шолпан Серикбаевны на кафедре химии и технологии органических веществ, природных соединений и полимеров факультета химии и химической технологии продолжают исследования в области синтеза потенциально биологически активных соединений.

**М.Ж. ТУРМУХАНОВА, д.х.н.,
М.А. ДЮСЕБАЕВА, к.х.н.**

Жуырда халықаралық қатынастар факультетінде дипломатиялық аударма кафедрасының доценті Гүлсім Сейілханқызының 70 жасқа толған мерейтойы аталып өтті. Ғылым мен білімнің қара шаңырағы – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да үздіксіз 46 жыл бойы аянбай еңбек еткен Гүлсім Сейілханқызының есімі өнегелі және ұлтжанды ұстаз ретінде көпшілікке танымал. Г.С. Сүлейменованың жоғары деңгейдегі синхронды аудармашы ретінде әртүрлі деңгейде өткен халықаралық конференциялар мен семинарларда, көрнекті мемлекет қайраткерлері қатысқан саяси жиындарда және ресми іс-сапарлардағы лауазымды тұлғалардың баяндамаларын аударудағы аудармашылық шеберлігі жоғары бағаланды. Г.С. Сүлейменова – ауызша және жазбаша аударманың майталман шебері. Синхронды аударманың тәжірибелі маманы ретінде БҰҰ, ЮНЕСКО, ЮНИСЕФ, ДСҰ, ДДҰ, ЕО, НАТО тарапынан бірнеше рет шақыртуға ие болуы бұған дәлел.

Ұлтжанды ұстаз



Сондай-ақ ҚР аудармашылар тобының құрамында белсенді қызмет көрсетіп, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың шетелдік меймандарды қабылдауында, Үндістанның вице-президенті М.Х. Ансаридың іс-сапары кезінде аудармашылық міндетті абыроймен өткізіп, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға келген ресми делегацияларды да қабылдауда аудармашылық жұмыстарды табысты атқарып келеді.

Тәуелсіз Қазақстанның сыртқы саясатының беделін арттыратын жоғары деңгейдегі мамандар әзірлеуде Гүлсім Сейілханқызының қиын да жауапкершілігі мол қызметі халықаралық ұйымдар, ҚР Білім және ғылым министрлігі мен университет басшылығының тарапынан жоғары бағаланып, бірнеше құрмет грамоталарымен марапатталды. «ҚР Білім беру саласының үздігі», «Білім беру саласының құрметті қызметкері», «Мамандығына адалдығы үшін» номинациясы бойынша республикалық «Халық қалаулысы» сыйлығының иегері атанды.

70 жылдық мерейтойына орай Гүлсім Сейілханқызы ғылым мен білім саласындағы үздіксіз 46 жыл бойы еңбегі үшін «Әл-Фараби» алтын алқасымен марапатталды. Мерейтой иегерін құттықтауға ф.ғ.д.,

Қ.И. Сәтпаев атындағы ҚазҰТУ шет тілдері кафедрасының профессоры, Гүлсім Сейілханқызының ұстазы Сакина Каюмқызы Ахметова келіп, шакірті туралы ыстық лебізін жолдады. Сонымен қатар 1968 жылғы ҚазМУ-ды бітірген жұртас (Нұрматова Жанна, Смадырова Роза, Жилисбаева Ғайнижамал, Киреева Айман, Сұлтанова Людмила) құрбыларымен қатар кезінде ұстаз алдында білім алған, бүгінде елге танымал болып үлгерген шакірттері келді. Небір қызық естеліктер айтып, мерейтой иесінің де, көрермендердің де көңілін көтерді. Шынымен де ұстаз үшін одан артық бақыт бар ма?

Гүлсім Сейілханқызының қажырлы еңбегі өзі қызмет атқарып жүрген қасиетті әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің мерейін асқақтата түсуде.

Құрметті Гүлсім Сейілханқызы! Сізді мерейлі мерекеніңізбен факультет, кафедра ұжымы атынан құттықтай отырып, зор денсаулық, отбасыңызға амандық, еңбегіңізге табыс тілейміз.

Г.Ә. КӨРІПБАЕВА, Г.У. АХМЕТАЛИЕВА,
*Халықаралық қатынастар факультеті,
дипломатиялық аударма кафедрасының
аға оқытушылары*

Жалғасы. Басы 1-бетте

Ғылыммен кемел келешекке

Сонымен қатар, университетпен аумақтық және барлық ұлттық инновациялық жүйенің өзегі ретінде ҚазҰУ-ды көрсететін «Инновациялық Алматы» жобасы іске қосылды. Ғылыми-аукымды технологияларды құру мақсатында ҚазҰУ негізінде «Алатау» инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағы дамуының 3-кезеңі жүзеге асырылуда. Заманауи формация университетін құру мақсатында ҚазҰУ-да «Al-Farabi university smart city» инновациялық жобасы іске қосылды. Оның негізінде ұлы шығыс ойшылы Әл-Фарабидің ізгілікті қала туралы ілімі жатыр.

Іргелі, қолданбалы және инновациялық зерттеулер сапасын арттыру университет беделін жақсартуға және оның халықаралық деңгейдегі рейтингісін жоғарылатуға мүмкіндік береді. Мысалы ҚазҰУ студенттері «UNIFORM Project» халықаралық консорциумы аясында Токио университетімен бірігіп алғашқы қазақстандық наноспутник құру бойынша бірегей жобаны іске асыруда.

2014 жылы әлемдік беделді Springer баспасы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры, академик Ф. Мұтановтың «Mathematical Methods and Models in Economic Planning, Management and Budgeting» монографиясын басып шығарды. Бұл тек әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдары ғана емес, сонымен бірге тұтастай Қазақстан ғалымдарымен жасалынатын зерттеулердің талаптылығы мен танымдылығын дәлелдейді. 2014 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры және ғалымдар тобымен тұңғыш рет екі

американдық патент алынды.

Ректор академик Ф.М. Мұтанов университеттің жас ғалымдары мен мамандарына көп қолдау көрсетіп келеді. Оның басшылығымен гранттық қаржыландыру жобаларында жас мамандарды 10 пайыздық мөлшермен қамтамасыз ету қолға алынып, ғылыми-зерттеу жұмыстармен айналысатын студенттер саны артауда. Оған дәлел 2011 жылы ФЭЖ айналысатын студенттердің саны 280 болса, 2014 жылы 1485-ке жеткен. Гранттық жобалар бойынша студенттердің ФЭЖ қаржыландыру көлемі 2014 жылы 452,2 млн.т. құраған. Бұл жас мамандардың болашақта мемлекетке пайдасы бар ғылыми жобаларын жүзеге асыруына үлкен септігін тигізеді. Осы мақсатта университетімізде студенттік бизнес инкубатор белсенді жұмыс жасауда, ол студенттер арасында инновациялық іскерлікті дамытуға мүмкіндік береді. Мысалы университетімізде инновациялық жобалар саны 2011 жылы 8 болса, қазіргі таңда бұл сан сегіз еселеніп 67-ге жетіп отыр.

Салауатты университеттер – бұл интеллектуалды ұлттың, еліміздің адами капиталының сапасын арттырудың кепілі. «Al-Farabi university smart city» моделін жүзеге асыра отырып, біз Елбасының алдыға қойған мақсаты – Қазақстанның әлемнің дамыған елдері қатарына енуі мен берекелі қоғам құруда өзіміздің қомақты үлесімізді қоса аламыз.

Ермек НҰРМАҒАНБЕТ,
заң факультеті деканының орынбасары

В КазНУ открывается центр компании «Samsung Electronics»



Томас Мор «Утопия»

Что такое утопия? По своему происхождению это слово греческое: «у» значит «не», «топос» – место. Это место, которого не существует, выдумка, фантазия, сказка.



Мечты о счастье, об идеальном устройстве общества издавна волновали людей. И вот, 1516 году политик, канцлер Англии, философ Томас Мор (1478-1535) пишет труд о наилучшем устройстве

государства на далеком острове.

Его «Утопия» состоит из двух частей. В первой части показана Англия начала XVI века и ее жизненные проблемы. На страницах книги Мор дает глубокую критику современного ему социально-экономического и политического строя Великобритании и приходит к выводу, что преградой на пути к справедливости является частная собственность, поэтому «единственный путь к благополучию общества заключается в объявлении имущественного равенства, а вряд ли это когда-либо можно выполнить там, где у каждого есть своя собственность». Свообразным выражением протеста Мора против социальной несправедливости явился подробно разработанный им проект нового общества, где было покончено с эксплуатацией человека человеком. Все материальные блага принадлежат здесь трудящимся. Общими в Утопии являются не только природные богатства – земля и ее недра, но и вся продукция общественного производства, которая также поступает в распоряжение всех граждан.

Система трудовой повинности, о которой мечтал Мор, вовсе не превращает труд в тяжелое бремя. Организация

производства преследует только одну цель: избавить всех граждан от телесного рабства и даровать им как можно больше времени для духовной свободы и просвещения. Философ считает, что в этом заключается счастье жизни.

«Утопия» является попыткой спроектировать государство с такой социально-экономической структурой, которая способна обеспечить человеку достойный образ жизни, и Мор пытается нарисовать конкретную картину идеального общества. На гербе Утопии, как и на гербе первого социалистического государства, – символы плодотворного труда: серп, молот, колосья. Однако, проектируя справедливое общество, Мор вынужден все же допустить существование рабов. Последние в Утопии – бесправная категория населения, обремененная тяжелым общественным трудом. Они закованы в цепи и постоянно заняты работой. Рабы, считает Мор, нужны «утопийцам», чтобы избавить граждан от наиболее тяжелого и грязного труда. В условиях феодальной Англии Мор не находил реальной общественной силы, которая была бы способна заменить «негодный» строй справедливым. Вместо того, чтобы управлять государством при помощи насилий, грабежей и конфискаций, доводя этим народ до нищеты, считал он, лучше добровольно отказаться от власти. Вместе с тем Мор подчеркивает, что разорение и нищета народа порождают стремление к перевороту и междоусобицам. Нельзя

допускать, чтобы одни утопали в удовольствиях и наслаждениях, а другие бедствовали.

Сущность философских идей «Утопии» определяет идея социального преобразования, поиск наиболее совершенной общественной системы, способной обеспечить счастье любому человеку. В этой книге заложены идеи социального равенства, преобразования, способные обеспечить счастье человеку труда и навсегда покончить с эксплуатацией. И главное, Томас Мор подчеркивает, что только благодаря справедливому общественному устройству «утопийцам» удастся решить важнейшую этическую проблему – уничтожить гордыню – «чудовище», которое паразитирует на противопоставлении богатства и бедности. Корни решения этической проблемы Мор видит в совершенном общественном устройстве.

Итак, сущность «Утопии» определяет идея социального преобразования, поиск наиболее совершенной общественной системы, способной обеспечить счастье любому человеку. В этой книге заложены идеи социального равенства, преобразования, способные обеспечить счастье человеку труда и навсегда покончить с эксплуатацией.

А. АЙТМУХАМБЕТОВА,
старший преподаватель кафедры
теории и методологии перевода

Фантастическая страна

Прославленный английский литератор, автор «Утопии» Томас Мор (More, 1480-1536), родившийся в Лондоне, был сыном юриста и сам избрал своей профессией юриспруденцию. Но с ранней молодости он полюбил гуманизм и отдался ему с увлечением, познакомившись с Эразмом Роттердамским. Мор был в то время еще молодой человек, и, вероятно, влияние Эразма содействовало развитию его природной склонности к сатирическому тону. Они остались на всю жизнь друзьями.

Занимая высокие должности, Томас Мор сохранил скромные привычки, не любил важничать. Автор «Утопии» был веселый, приветливый человек. Личные его потребности были очень ограничены, но он был очень гостеприимен и щедр. Очень любил музыку, во всех неприятностях он сохранял светлое спокойствие души и сохранил его, даже подвергшись смертному приговору. Он смеялся над «темнотой» монахов, но оставался верен учению католической церкви, соблюдал её обряды, постился, бичевал себя, прожил четыре года в лондонском картезианском монастыре и довольно долго думал поступить в орден картезианцев. Томас Мор писал эпиграммы, стихотворения по поводу праздников, полемические сочинения, а также написал историю Ричарда III на английском языке и сам перевел ее на латынь. Но знаменитейшее его произведение – небольшой рассказ «О наилучшем общественном устройстве и о новом острове Утопии», политический роман, написанный отчасти под влиянием «Государства» Платона. Слово «Утопия» (от греч. у-топос) значит «земля, которой нет нигде», фантастическая страна. Но в те времена плаваний Колумба и Магеллана и других изумительных географических открытий многие полагали, что Утопия представляет описание действительного быта на каком-нибудь новооткрытом острове. Описание этого идеального быта

очень понравилось «просвещенным», наклонным к гуманизму людям того времени, сознававшим недостатки действительности. «Утопия» Томаса Мора была напечатана в 1516 году. Мореоплыватель Гитлодей открыл в далекой части океана остров Утопию, о котором ничего не знали европейцы. На острове Утопии совершенно иное устройство, справедливое и счастливое. Оно имеет демократическое основание, все правители избираются народом, некоторые на год, другие, как, например, государь, на всю жизнь. Частной собственности на Утопии Мора нет. Труд и наслаждение распределены равномерно. Главное занятие жителей – земледелие, кроме того, каждый учится какому-нибудь ремеслу, Правительство наблюдает за тем, чтобы каждый трудился: тунейдцев там нет, время труда и время отдыха определены законом. Освобождены от физической работы только те, кто посвящает себя науке и успешно занимается ей, из них на Утопии избираются духовные сановники, высшие правители и государь. Такова картина счастливой жизни на Утопии, как её видел сам Томас Мор.

Лола МАМАДКАРИМОВА,
студентка 2-го курса факультета
филологии, литературоведения и
мировых языков

Отрывок

«... Остров утопийцев в средней своей части, где он всего шире, простирается на двести миль, затем на значительном протяжении эта ширина немного уменьшается, а в направлении к концам остров с обеих сторон мало-помалу суживается. Если бы эти концы можно было обвести циркулем, то получилась бы окружность в пятьсот миль. Они придают острову вид нарождающегося месяца.

Рога его разделены заливом, имеющим протяжение приблизительно в одиннадцать миль. На всем этом огромном расстоянии вода, окруженная со всех сторон землей, защищена от ветров наподобие большого озера, скорее стоячего, чем бурного; а почти вся внутренняя часть этой страны служит гаванью, рассылающей, к большой выгоде людей, по всем направлениям корабли. Вход в залив очень опасен из-за мелей с одной стороны и утесов – с другой. Почти на середине этого расстояния находится одна скала, которая выступает из воды, вследствие чего она не может принести вреда. На ней выстроена башня, занятая караулом. Остальные скалы скрыты под волнами и губительны. Проходы между ними известны только утопийцам, и поэтому не зря устроено так, что всякий иностранец может проникнуть в залив только с проводником от них. Впрочем, и для самих утопийцев вход не лишен опасности без некоторых сигналов, направляющих путь к берегу. Если перенести их в другие места, то легко можно погубить – какой угодно по численности неприятельский флот. На другой стороне острова гавани встречаются довольно часто. Но повсюду спуск на берег настолько укреплен природою или искусством, что немногие защитники со стороны суши могут отразить огромные войска.

Впрочем, как говорят предания и как показывает самый облик земли, эта страна когда-то не была окружена морем. Но Утоп, чье победоносное имя носит остров (раньше этого он назывался Абракса), сразу же при первом прибытии после победы распорядился прорыть пятнадцать миль, на протяжении которых страна прилегал к материку, и провел море вокруг земли; этот же Утоп довел грубый и дикий народ до такой степени культуры и образованности, что теперь они почти превосходят в этом отношении прочих смертных. Не желая, чтобы упомянутая работа считалась позорной, Утоп привлек к ней не только жителей, но, кроме того, и своих солдат. При распределении труда между таким множеством людей он был закончен с невероятной быстротой. Этот успех изумил и поразил ужасом соседей, которые вначале смеялись над беспомощностью предприятия.

На острове пятьдесят четыре города, все обширные и великолепные, язык, нравы, учреждения и законы у них совершенно одинаковые. Расположение их всех также одинаково, одинакова повсюду и внешность, насколько это допускает местность. Самые близкие из них отстоят друг от друга на двадцать четыре мили. С другой стороны, ни один город не является настолько уединенным, чтобы из него нельзя было добраться до другого пешком за один день. Из каждого города три старых и опытных гражданина ежегодно собираются в Амауроте для обсуждения общих дел острова. Город Амаурот считается первым и главенствующим, так как, находясь в центре страны, он по своему расположению удобен для представителей всех областей. Поля распределены между городами так удачно, что каждый в отдельности не имеет ни с какой стороны менее двадцати миль земли, а с одной стороны даже и значительно больше, именно с той, где города дальше всего разъединены друг с другом. Ни у одного города нет желания раздвинуть свои пределы, так как жители его считают себя скорее земледельцами, чем господами этих владений.

Бешимі жүргізіген әл-Фараби кітапханасының кітапханашы-менеджері Жұлдыз МАНАПБАЕВА

«Сұңқар» студенттер кәсіподағының ұйымдастыруымен
мини футболдан дәстүрлі жарыс өтті

Құрметті оқырман, газет беттерінде «Айналанды нұрландыр!» жалпы университеттік фестивалі аясында жарияланған студенттік эссе байқауына қатысушылардың шығармашыларын жариялап келеміз. Студенттердің тілге деген құрметін арттыру, өз ойын көркемдеп жеткізу дағдысын қалыптастырып, шығармашылық бағыттағы қаламдарын ұштау мақсатында ұйымдастырылған бұл байқаудың жастар арасында «Айналанды нұрландыр!» жобасының тағылымдық-тәлімдік идеясын насихаттауға зор үлес қосарына сеніміміз мол.



Бақуатты қоғам – болашақ бағдары

...Жиырмасыншы ғасырдың басында қазақтың лирик ақыны Мағжан Жұмабаев «Мен жастарға сенемін» деген өлең жазған еді. Қазақ жерінде заман ауысып, үлкен өзгерістер болып жатқан кезде ескіні қиратып, жаңа тұрмыс құруға ел кірісіп жатқанда ұлтжанды ақын алдағы бар болашақты жастармен байланыстырып, соларға үміт артқан еді. Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізіп, бүгінде бейбіт елде берекелі ғұмыр кешіп келеміз.

Келешек – жарқын істер, жемісін берер идеялар, озық технологиялардың кезеңі. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: «Қай қоғамда да адам өзінің бақуатты тұрмысын тек еңбекпен жақсарту алады», – деп атап өткен болатын. Бақуатты қоғамды орнату

үшін жастар жан-жақты білім алып, өз үлесін қосу керек деп есептеймін. Егемен еліміздің 21 жылда жеткен жетістіктері, мемлекетіміздің көркеюі – бүгінгі аға буынның, орта буынның еңбегі. Ал біз, жастар – болашақтың негізін қалаушылармыз. Біліммен қаруланған жастардың болашаққа нық сеніммен қадам басып, бақуатты қоғамды орнатуға өз күш-жігерлерін қосатынына сенімім мол! Өйткені, мен – тәуелсіздің, тәуелсіз елдің патриотымын!

(Ықшамдалып алынды)
Жанель ЖАҚСЫЛЫҚ,
заң факультетінің 1-курс студенті

Бақуатты қоғамға қалай қол жеткіземіз?

Кез келген ел өзінің келешегін өскелең ұрпағымен байланыстырады. Әр ұрпақтың пешенесіне жазылған заман ағымы, кезең тынысы болады. ХХІ ғасыр бүгінгі ұрпаққа, яғни біздерге бұйырған бақыт деп ойлаймын. Ата-бабаларымыз болашақ ұрпақ үшін ақтық демі қалғанша күресіп, бізге егемендік алып берді. Ата-бабаларымыз ғасырлар бойы арман етті және сол жолда зор құрбандықтарға душар болып, өз тәуелсіздігін жеңіп алды. Елбасымыздың халыққа Жолдауында ХХІ ғасыр – білім ғасыры делінген. Олай болса, елімізді өркендету үшін, жастар, жақсы оқып, жан-жақты білім мен ғылым алуымыз керек. ҚР Президенті: «Қай мектепте оқығанына қарамай оқушыларды қазақстандық патриотизм мен шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу аса қажет. ХХІ ғасырда Қазақстанның Азия барысына

айналуы үшін, бүгіннен бастап ұлттық мінез-құлық, биік талғампаздық, тәкаппарлық, тектілік, білімділік, биік талғам, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп қалыптастыруымыз керек», – деген болатын. Мен осындай еркін, азат елдің ұланы екендігімді мақтан етемін! Күн дидарлы Қазақстанның болашағы үшін, «Бақуатты қоғам құруда» аянбай еңбек етіп, кірпіш болып қаланатындығыма, келешек үшін жоба тауып, жол көрсететіндігіме уәде беремін! Себебі тәуелсіздіктің туын биік ұстау – перзенттік парызымыз, бабалар алдындағы мәңгілік қарызымыз!...

(Ықшамдалып алынды)
Раушан НҮРБАТЫРОВА,
тарих, археология және этнология факультетінің 1-курс студенті

Ғасыр саңлағының мұражайы

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ колледжінің оқушылары аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік еңбек ері, академик, техника ғылымдарының докторы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың мұражайында болып, өнегелі өмір иесінің Қазақстанды өркендету жолындағы ерен еңбегімен танысып қайтты.



Ұлы тұлғаның 90 жылдығына орай 2002 жылдың қантар айында ашылған мұражайда Дінмұхамед Ахметұлының туыстарының сақтаған құжаттары, фото және видеоматериалдар, әр алуан портреттер, тұрмыстық заттары жинастырылған. Бірте-

бірте олардың қатарын Д.А. Қонаевтың замандастарының тапсырған жәдігерлері толықтыра түскен.

Мұражай жәдігерлері қарапайым шаруа баласының тау кен инженерінен үкімет басшысы деңгейіне көтерілген, тіпті бұрынға Одаққа, шет елдерге де танымал болған еңбек жолын айқын көрсетеді.

Мұражайдағы әрбір жәдігерді мұқият зерделеп, санасына түйген кез келген жасөспірім ұлағатты жанның өмір жолындағы кездескен қиын асулары мен қуанышты сәттерінің қуәгері болары хақ. Сол себепті, еліміз үшін туылған ерекше азаматтың тұрған жерін, қолданған заттарын көзбен көріп, жүрепке сезіну біздер үшін үлкен бір мәртебе. Мұражай құндылықтарымен танысып, аралап көрген әрбір жасөспірімнің көкейінде саналы ғұмырында талай өнегелі істің бастамасы болған тұлға ісін жалғастырсам деген арман мен үміт отының ұшқындары сөзсіз...

Д.Е. ЕРҒАЛИ,
экономика пәнінің оқытушысы

Алғашқы басталдақ

VI Республикалық «Болашақ баспагер, редактор, дизайнер» байқауын «баспагер боламын» деп талпынғандарға арналған алғашқы басталдақ десе де болғандай. «Баспа ісі және дизайн» мамандығына қызығушылық танытқан мектеп оқушыларының саны жылдан жылға өсіп келеді. Оны республикамыздың түкпір-түкпірінен байқауға ниет білдірген 138 баланың өтінішінен байқауға болады.

Комиссия мүшелерінің тыңғылықты еңбегінің арқасында байқау ашық әрі әділ өтіп, жеңімпаздар анықталды. Журналистика факультетінің деканы Сағатбек Медеубекұлы байқаудың сәтті өтуіне атсалысқан демеушілер мен облыстық білім басқармаларына, сондай-ақ әр ауданның білім бөлімі басшыларына алғыс айта отырып, шәкірттерді әкелген мектеп ұстаздарын жеке-жеке сахна төріне шақырып, алғыс хатпен марапаттады.



Нүрдәулет, 3-орын – Жұмаханова Дана, Халық Айғаным, Сарсенбаева Перизат секілді әр облыстан келген оқушылар жеңімпаз атанып, арнайы сыйлықтармен марапатталды.

Ең үздік шығармаларымен танылған Сұлтан Бибіжанға бас жүлдесі үшін «Атамұра» баспасының шәкіртақысы бұйырды. Ал, бірінші орын Нұрадинова Тұрғанайға «Арыс» баспасының шәкіртақысы, екінші орын бойынша Парзиева Мәдірге «Көркем» баспасының шәкіртақысы мен Васюренко Кирилге айтыскер ақын Серік Қалиев тағайындаған сыйлық бұйырды. Сондай-ақ, үшінші орынға Жеңіс Қыран, Рысқұл Сымбат, Құрманғали Шымболаттар ел болды.

Байқауда «Ең үздік редактор» номинациясы бойынша 1-орын – Акрамова Нәркес, 2-орын – Болыс Дидар, Бейсенбек Гүлман, 3-орын – Бекқалиев Еркебұлан, Жұматай Жұпар, Шустер Александр, «Ең үздік корректор» номинациясы бойынша 1-орын – Әміржан Айғаным, 2-орын – Зейтова Ақдана, Хурусова Айсаят, 3-орын – Марар Аида, Сейтбатқал Арлен, Баймолда Райхан, «Ең үздік дизайнер» номинациясы бойынша 1-орын – Адильбаев Ардақ, 2-орын – Әшірбек Сымбат, Әпсімен

Жүздері бал-бұл жанған бұл жеңімпаздардың қуанышын айтып жеткізу мүмкін емес! Болашақта «Баспа ісі» мамандығын таңдап, сүйікті қарашанырқ әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінен тәлім алуға бел байлаған оқушылар байқау үшін алғыстарын айтып, қуанышпен тарасты.

Нұрлыайым ДАНАЕВА,
«Баспа ісі және дизайн» кафедрасының магистранты

Дәстүрге айналған білім сайысы

Филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінде «Ай-Ару» рухани-танымдық студент қыздар Орталығының «Ғылымға жол» жас зерттеушілер үйірмесі «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы аясында республика ЖОО студенттері арасында дәстүрлі «Әуезов әлемі» атты білім сайысын өткізді.



Бұл білім жарысы «Абай жолы» роман-эпопеясына арналды. «Шығармашылық зертхана» тақырыбы «Жеке жоба», «Өңірлік әуезовтану», «Тосын тапсырма» аталымдары бойынша өтті. Мұхтар Әуезов шығармашылығына арналған электронды сайт ашқан Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің студенті Аяулым Шаймардан, «Абай жолы» роман-эпопеясындағы қазақ халқының салт-дәстүрлерінің суреттелуі» атты ғылыми баяндама жасаған ҚазҰУ студенті Досхан Жылқыбаев, «Өңірлік әуезовтану» бойынша бейнебаян дайындаған Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ студенті Инабат Құсайынова, Абай – Әйгерім желісінде көркемсуретті фильм әзірлеген ҚазмемқызПУ студенті Мейрамгүл Қашқынбай, «Абай жолын» тың әдістеме қолданып оқыту сабағын көрсеткен «Қайнар» университетінің студенті Айжан Қадыржан 2015 жылғы М. Әуезов

атындағы шәкіртақы иегерлері атанды. Білім сайысына белгілі әуезовтанушы ғалым ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, ф.ғ.д., профессор Бауыржан Жақып, Әуезов шығармаларының аудармашысы, белгілі қаламгер, ф.ғ.д., профессор Аслан Жақсылықов, ф.ғ.к., оқытушы Еркінгүл Солтанаева, магистрант Абдулкарим Абдулрахымұлы қазылық жасады.

Білім бәйгесіне қатысқан студенттердің макалалар жинағы жарық көрді. Республика ЖОО студенттері арасында қолдау тауып отырған «Әуезов әлемі» білім сайысы 2015-2016 оқу жылында «Мұхтар Әуезовтің ғұмырбаян кезендері» тақырыбында өткізілетін болды.

Қ.Қ. МӘДІБАЙ,
ф.ғ.д., профессор, «Ай-Ару» рухани-танымдық студент қыздар Орталығының жетекшісі

Жалғасы. Басы 1, 3-беттерде



**ҚАЗҰУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ
 «ПАРАСАТ» КӘСІПОДАҒЫ ҰЙЫМДАСТЫРҒАН
 «ТАЗАЛЫҚ АПТАЛЫҒЫ» БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ:**

- «ЕҢ ҮЗДІК ҒИМАРАТ» АТАЛЫМЫ БОЙЫНША**
 I орын – физика-техникалық факультеті
 II орын – механика-математика факультеті
 биология және биотехнология факультеті
 III орын – тарих, археология және этнология факультеті
 халықаралық қатынастар факультеті
- «ЕҢ ҮЗДІК ФАКУЛЬТЕТ» АТАЛЫМЫ БОЙЫНША**
 I орын – экономика және бизнес жоғары мектебі
 II орын – химия және химиялық технология факультеті
 заң факультеті
 III орын – шығыстану факультеті
 филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті
- «ЕҢ ҮЗДІК ЖАТАҚХАНА» АТАЛЫМЫ БОЙЫНША**
 I орын – география және табиғатты пайдалану факультетінің
 №4 Студенттер үйі
 II орын – тарих, археология және этнология факультетінің
 №10 Студенттер үйі
 III орын – заң факультетінің №18 Студенттер үйі
- «ЕҢ ҮЗДІК КАФЕДРА» АТАЛЫМЫ БОЙЫНША**
 I орын – физика-техникалық факультеті
 II орын – филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті
 химия және химиялық технологиялар факультеті
 III орын – философия және саясаттану факультеті
 тарих, археология және этнология факультеті
 биология және биотехнология факультеті
- «ЕҢ ҮЗДІК ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕ» АТАЛЫМЫ БОЙЫНША**
 I орын – әскери кафедра
 II орын – Конфуций институты
 III-орын – Эксперименттік және теориялық физика институты
 механика-математика факультеті



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
 Қазақ ұлттық
 университетінің
 ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор м.а.: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
 Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**
 Тілшілер: **Еңлік АҚЖІГІТ, Ақмарал ҚУАНЫШЕВА**
 Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
 Фототілшілер: **Талғатбек АСАНОВ, Азамат БУЛАТОВ**
 Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Әйгерім ИМАНҒАЛИЕВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
 ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
 Байланыс телефоны:
 377-33-30, ішкі: 11-94,
 тікелей: 377-31-48.
 Электронды мекенжай:
kazuniver-gazeti@mail.ru

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
 беттелді. "Бизнес-Информ" баспаханасында басылды
 Тел: 2-93-09-09

Бағасы келісім бойынша.

**Таралымы 1000 дана
 Тапсырыс №355**

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.